

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі
Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің Қазақстан Республикасы
мемлекеттік материалдық резервінен материалдық құндылықтарды
(жаңарту, броньнан шығару тәртібімен) шығару жөніндегі тендерлік
комиссия отырысының
ХАТТАМАСЫ

Астана қаласы
Янушкевич көшесі, 2

28.02.2014 ж.
11.00 сағ.

Төрағалық еткен: М.А. Нұршаев – Мемлекеттік материалдық резерв комитеті (бұдан әрі – Комитет) төрағасының орынбасары, тендерлік комиссияның төраға орынбасары.

Қатысқандар: комиссия мүшелері: Н.Ф. Айғараев – Комитеттің Мемлекеттік резервін есепке алу және бақылау басқармасының басшысы, С.К. Сабырбаева – Комитеттің Әкімшілік жұмыс және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы, Н.Б. Абдраманов – Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) Азаматтық қорғаныс департаментінің Халықты және аумақтарды қорғау басқармасының бастығы, Т.Р. Кирибаев – Министрліктің Ішкі бақылау және аудит департаменті Қаржылық операциялардың ішкі аудиті басқармасының бас сарапшысы, А.А. Төлегенова – Министрліктің Материалдық техникалық қамтамасыз ету департаментінің Мемлекеттік сатып алу басқармасының сарапшысы, Б.А. Өскенбаев – РМК «Резерв» бас директоры, Ж.М. Тілеубергенова - РМК «Резерв» бас бухгалтері - Қаржы және бухгалтерлік есеп басқармасының бастығы, Н.М. Иманбаев – Комитеттің Мемлекеттік резервін есепке алу және бақылау басқармасының сарапшысы, тендерлік комиссияның хатшысы.

(Қатыспағандар: Сәду А.Ә. – Комитеттің төрағасы, тендерлік комиссиясының төрағасы, еңбек демалысында, 29.01.2014 жылғы № 23-Д бұйрық, Т.А. Лигай - РМК «Резерв» бас директорының бірінші орынбасары, еңбекке жарамсыздығы себебінен).

Күн тәртібі:

1. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің бекітуі үшін мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды (жаңарту, броньнан шығару тәртібімен) шығару туралы тендерлік комиссия жұмысының регламент жобасын келісу;
2. Тендер өткізу туралы хабарламаны бекіту;
3. Жаңарту және броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік резервтің тауарларын сату бойынша лоттарды бекіту.

Күн тәртібі мәселелерін қарау мен талқылау нәтижесінде тендерлік комиссия ашық түрде дауыс беру арқылы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің бекітуіне енгізу үшін осы хаттамаға қоса берілген мемлекеттік резервтің материалдық

құндылықтарын (жаңарту, броньнан шығару тәртібімен) шығару туралы тендерлік комиссияның жұмыс регламентінің жобасы келісілсін.

2. Осы хаттамаға қоса берілген тендер өткізу туралы хабарлама бекітілсін.

3. Қоса берілген 2014 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесі бекітілсін.

Осы шешімге:

тендерлік комиссияның 8 мүшесі - «қолдаймын»;

тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын»


деп дауыс берді.

Тендерлік комиссия отырысында аудио – видео жазбалары жүргізілді (қосымшамен ұсынылады).


Тендерлік комиссия отырысы 2014 жылғы 28 ақпанда сағ. ___:___ бітті деп есептелсін.

- Қосымша:
- 1) тендерлік комиссия жұмысының регламенті 2 парақта;
 - 2) тендерді өткізу туралы хабарлама 2 парақта;
 - 3) жұмылдыру резервінің тауарлар тізбесі 18 парақта.

Комиссия төрағасының орынбасары:

М.А. Нұршаев 


Комиссия мүшелері:

Н.Ф. Айғараев 

С.К. Сабырбаева 

Н.Б. Абдрахманов 

Т.Р. Кирибаев 

А.А. Төлегенова 

Б.А. Өскенбаев 

Ж.М. Тілеубергенова 

Комиссия хатшысы:

Н.М. Иманбаев 